ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 4 шілде Іс №7119-25-00-2/6222 Астана қ.

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қ.Б. Есибаев оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«ЕРЕЖЕП ЕРБОЛ Серікұлы» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-тің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «ЕРЕЖЕП ЕРБОЛ Серікұлы» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

«ЕРЕЖЕП ЕРБОЛ Серікұлы» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«ЕРЕЖЕП ЕРБОЛ Серікұлы» жеке кәсіпкерінен «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық

мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 58 457 (елу сегіз мың төрт жүз елу жеті) теңге тұрақсыздық айыбы және 1 754 (бір мың жеті жүз елу төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«ЕРЕЖЕП ЕРБОЛ Серікұлы» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер шешім шығарған сотқа осы шешімнің күшін жою туралы шешімнің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде арыз беруге құқылы. Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарған күннен бастап бір ай ішінде іске қатысатын адамдар апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Есибаев** **К.Б.**

Құжатқа қол қойылған: Есибаев К. Б., 04.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.08.2025, судья Есибаев К. Б., 14.08.2025

7119-25-3-1/6223